

Какимова Галия Тынышкалиева

№13 "Балапан" балабақшасының тәрбиешісі

Атырау облысы, Атырау қаласы

Балабақшадағы оқу қызметтерінде Луллия шеңберін қолданудың ерекшелігі

Қазіргі уақытта мектеп жасына дейінгі балаларға білім беру жүйесінде жаңа әдіс-тәсілдер, ойындар және түрлі ойын – сауықтар пайда болып жатыр. Қазіргі заман балалары ақпараттық – қатынастық құралдарды оңай игереді, /яғни смартфон, компьютер, планшет т.б /сондықтан оларды дәстүрлі көрнекілік құралдармен таңқалдыру қиын. Сол себептен мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілері балаларға дәстүрлі көрнекілікті қызықтырарлықтай таңдап, ұйымдастыруымыз қажет. Балалардың тілін дамытуда қазіргі күнде өте көп әдістер, технологиялар бар. Мектепке дейінгі балалардың тіл қызметін жетілдіруде жақсы әсерлік ахуал, тілдік ортаны жасау маңызды жағдай болып саналады, өз тілін белсенді дамытуға себеп тудырады және тілдік байланысқа қатыстырады. Мектепке дейінгі балаларға ең жақын, құмарлы, қолайлы қызмет ол – ойын. Ойын және тіл арасында екі жақты байланыс бар: бір жақтан баланың тілі ойында дамиды, белсендіріледі; екінші жақтан ойынның өзі тілдің ықпалы және толықтыруы арқылы жетілдіріледі. Соның бірі қызықты әдістердің бірі “ Луллия шеңбері” деп аталады. Луллияны XIII ғасырда француз монахы Раймонд Луллия ойлап тапқан. Құрылымының қарапайымдылығы үшін оны балабақшада қолдануға болады. Осы әдісті біз балалармен жұмыс жасауда қолдана бастадық және оны нәтижелі деп ойлаймыз. Балабақшаларда Луллия шеңберлері-қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, математика негіздері, сенсорика, көркем әдебиет, музыка оқу қызметтерінде пайдалануға болады. Луллия шеңберін жеке де, топтық түрде де қолдануға болады. Педагог балаға оны «Сиқырлы шеңберлер» деп таныстырып, міндетті түрде жұмыс жасау барысын көрсетіп, ережесімен таныстырады. Мұнда тәрбиеші тек

бақылаушының ролін атқарады. Балалар өздері әрекеттесіп, кезектерін белгілеп, ізденіп жұмыс жасайды.

Луллия шеңберінде дөңгелектер әр түрлі диаметрлі 2 шеңберді қаптайды. Жоғарыдаға көрсеткіш немесе белгі орналастырады. Барлық топтар бірдей секторларға бөлінеді (ерте жастағы балалар үшін шеңбер төрт секторға бөлінеді). Оларда суреттер (қоршаған әлемнің объектілері) болады. Шеңберлер мен көрсеткіш бір – бірінен еркін қозғалады. Қажет болса, секторлар орналасқан суреттердің әр түрлі комбинацияларын алуға және үйлеспейтін көрінетін нысандарды біріктіруге болады. Луллия шеңберін көбінесе тәрбиешілер қолдан жасап, әр түрлі суреттерді жабыстырып, ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбына сәйкес қолданады. Бұл шеңбер балалардың тілін дамытып қана қоймай, олардың оқу қызметіне деген қызығушылығын арттырады. Бұл шеңбер балаларға өте ұнайды. Сақиналарды өздері ауыстыруға, тапсырмаларды біріктіруге және ойынның мақсаты мен ережелерін өздері анықтауға тырысады.

Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілері Луллия шеңберін қолданғанда төмендегі ережелерді сақтауы тиіс:

1. Луллия шеңберін оқу қызметінің түріне сай таңдап алу.
2. Балалардың жас ерекшеліктеріне, білім деңгейлеріне көңіл бөлу.
3. Топтағы бала санына қарай ойын түрін ұйымдастыру.
4. Өтілген материалды ұдайы қайталап, тереңдетіп отыру.
5. Оқу қызметіне қатысу белсенділігін арттыруды қадағалау.
6. Өткізілген тақырыпқа сай, шеңберді қолдану.

Луллия шеңберін қолданудың тиімділігі:

1. Балалардың сабаққа деген қызығушылығы артады.
2. Логикалық ойлауы және өз бетінше, топтық жұмыс істеу белсенділігі артады.

3. Мақсатқа жетуге талпынады.

4. Өз күшін, білімін байқауға, бақылап, бағалауға ынталанады. Білім беруде Луллия шеңберінің көмегі зор.

Осы әдісті қолдану үшін әдістемелік ұсыныстар:

- Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеу үшін төрт дөңгелек қолданған жөн, әр түрлі диаметрмен төрт – сегіз секторға бөлінген.

- Төрт жастағы балалармен жұмыс істеу үшін екі дөңгелек қолданған жөн, диаметрі әр түрлі әрқайсысы төрт секторға бөлінген.

- Бес жастағы балалармен жұмыста екі – үш дөңгелек қолдану, әрқайсысында төрт – алты сектордан.

- Дөңгелектерді пластиктан немесе жуан қатырма қағаздан дайындаған жөн.

- Оқу қызметінің тақырыбы бойынша дөңгелектерге скотч арқылы

(ауыстыруға жеңіл болу үшін) суреттер жабыстырылады. Өткізу

технологиялық тізбегі үш дөңгелекті қолдану мысалында: Мысалы: бірінші

ең үлкен дөңгелектің секторларына ағаштардың (алма ағашы, қарағай)

суреттері жапсырылады; екіншіге – олардың өсетін жері (бау – бақша,

орман, батпақ т.б.); үшіншіге – жемістері немесе тұқымдары (апельсин, алма

т.б.). Балалар дөңгелектердегі сәйкестікті табу керек. Мысалы, тәрбиешінің

сұранысы бойынша төменгі дөңгелектен алма ағашты суретін табады, содан

кейін ортаңғы дөңгелектен бақшаның суретін тауып, алма ағаштың үстіне

орналастырады, ең кішкентай дөңгелектен алманы тауып орналастырады.

Қорыта келе жаңартылған білім мазмұны бойынша мектепке дейінгі мекемелерде Луллия шеңберін қолданудың маңызы өте зор. Өз тәжірибемде

Луллия шеңберінің бірнеше түрін жасап, балаларға қолдандым. Луллия

шеңберін қолдану барысында балалардың қызығып ойнағаны, берген

тапсырманы жылдам орындағандарын көрдім. Болашақта осы Луллия

шеңбері бойынша әр-түрлі ойын түрлерін жинақтап өз әріптестеріме

ұсынбақшымын.